

PHILIPS

Soundbar

8000 сериясы

TAB8205

Пайдаланушы нұсқаулығы



Мына бетте өніміңізді тіркеңіз және қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

Мазмұны

1 Маңызды	3	4 Саундбарды пайдалану	15
Қауіпсіздік	3	Қосу және өшіру	15
Өнімді күту	4	Автоматты күту режимі	15
Қоршаған ортаны күту	4	Режимдерді таңдау	15
Талаптарға сәйкестік	4	Дыбыс деңгейін реттеу	15
Анықтама және қолдау	4	Виртуалды кеңістіктік режим	15
Пайдаланушыларға арналған FCC және IC сақтық ескерту мәлімдемесі (тек АҚШ және Канада)	5	Зауыттық параметрлерге ысыру	15
		Реттеу мәзірі	16
		Bluetooth функциясын пайдалану	17
		AUX/OPTICAL/HDMI режимдерін пайдалану	18
		USB режимін пайдалану	18
		Spotify әндерін тыңдау	18
		Микробағдарламаны жаңарту	19
2 Саундбарыңыз	6	5 Өнімнің техникалық сипаттамалары	20
Қорапта не бар	6		
Негізгі блок	6		
Жалғағыштар	7		
Қашықтан басқару құралы	7		
Қашықтан басқару құралын дайындау	8		
Орналастыру	9		
Қабырға кронштейні	9		
3 Қосу	11	6 Ақаулықтарды жою	21
HDMI ұяшығына қосылу	11	Сауда белгілері	23
Оптикалық ұяшыққа қосыңыз	11		
AUX ұяшығына қосыңыз	12		
Қуатқа қосу	12		
Wi-Fi желісіне қосылу (сымсыз пайдалану)	12		

1 Маңызды

Өнімді пайдалану алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініңіз. Нұсқауларды орындамаудан зақым туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Тоқ соғу немесе өрт қаупі бар!

- Кез келген қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.
- Өнімге және аксессуарларға жаңбырдың немесе судың әсерін ешқашан тигізбеңіз. Вазалар сияқты сұйықтық ыдыстарын өнімнің жанына ешқашан қоймаңыз. Егер сұйықтықтар өнімге немесе оның ішіне төгілсе, оны розеткадан дереу ажыратыңыз. Пайдалану алдында өнімді тексеруі үшін тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді және қосалқы құралдарды ашық жалындардың немесе басқа жылу көздерінің, соның ішінде тік күн жарығының жанында ешқашан қоймаңыз.
- Өнімдегі желдету слоттарына немесе басқа саңылауларға заттарды ешқашан кіргізбеңіз.
- Желілік аша немесе құрылғы штепселі ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылса, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болуы керек.
- Батареяға (орнатылған батареялар жинағы немесе батареялар) күн жарығы, от сияқты артық жылудың немесе сол сияқтылардың әсерін тигізбеу керек.
- Найзағайлар алдында өнімді розеткадан ажыратыңыз.
- Қуат сымын ажыратқанда кабельді емес, әрқашан ашаны тартыңыз.
- Өнімді тропикалық және/немесе орташа климаттарда пайдаланыңыз.

Қысқа тұйықталу немесе өрт қаупі бар!

- Идентификациялық мәліметтерді және қуат көзі көрсеткіштерін өнімнің артқы немесе төменгі жағындағы зауыттық тақтайшаны қараңыз.
- Өнімді розеткаға қосу алдында қуат кернеуі өнімнің артқы немесе төменгі жағында басылған мәнге сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.

Кернеу басқа болса, өнімді розеткаға ешқашан қоспаңыз.

Жарақат алу немесе осы өнімнің зақымдалуы қаупі бар!

- Қабырғаға бекіту үшін бұл өнімді орнату нұсқауларына сай қабырғаға берік түрде бекіту керек. Тек жинақтағы қабырғаға бекіту кронштейнін (қолжетімді болса) пайдаланыңыз. Қабырғаға тиісті емес орнату сәтсіз жағдайға, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Кез келген сұрауыңыз болса, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді немесе кез келген заттарды қуат сымдарына немесе басқа электр жабдыққа ешқашан қоймаңыз.
- Өнім 5°C-тан төмен температураларда тасымалданса, өнімді орауыштан шығарыңыз және розеткаға қосу алдында температурасы бөлме температурасына жеткенше күтіңіз.
- Бұл өнімнің бөліктері шыныдан жасалуы мүмкін. Жарақатты және зақымды болдырмау үшін сақтықпен ұстаңыз.

Қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар кеңістікте ешқашан орнатпаңыз. Желдету үшін өнім айналасында әрқашан кемінде төрт дюйм кеңістік қалдырыңыз. Перделердің немесе басқа заттардың өнімдегі желдету слоттарын ешқашан жаппауын қамтамасыз етіңіз.

Ластану қаупі бар!

- Батареяларды араластырмаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілік, т.б.)
- САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ: батареялар дұрыс емес ауыстырылса, жарылыс қаупі бар. Тек бірдей немесе баламалы түрмен ауыстырыңыз.
- Таусылса немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, батареяларды шығарыңыз.
- Батареялар химиялық заттарды жамтиды, оларды тиісті түрде қоқысқа лақтыру керек.

Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Өнімде/қашықтан басқару құралында жұтылуы мүмкін тиын/түйме түріндегі батарея болуы мүмкін. Батареяны әрқашан балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылса, батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Жұтудан кейін екі сағат ішінде ауыр ішкі күйіктер орын алуы мүмкін.
- Батарея жұтылды немесе дененің кез келген бөлігінің ішіне салынды деп күдіктенсеңіз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

- Батареяларды ауыстырғанда әрқашан барлық жаңа және пайдаланылған батареяларды балалардан аулақ ұстаңыз. Батареяны ауыстырудан кейін батареялар бөлімі толығымен қорғалғанына көз жеткізіңіз.
- Батареялар бөлімін толығымен қорғау мүмкін болмаса, өнімді пайдалануды тоқтатыңыз. Балалардан аулақ ұстаңыз және өндірушіге хабарласыңыз.



Бұл — қос оқшаулауы бар және қорғағыш жер қосылымы қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ құрылғы.

~

АТ кернеуі



Пайдаланушы нұсқаулығында тізілген қуат көздерін ғана пайдаланыңыз.

Өнімді күту

Өнімді тазалау үшін тек микро талшықты шүберекті пайдаланыңыз.

Қоршаған ортаны күту

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа лақтыру



Өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдарды және құрамдастарды пайдаланып жобаланған және өндірілген.



Өнімдегі бұл таңба өнімді 2012/19/EU еуропалық директивасы қамтитынын білдіреді.



Бұл таңба өнім 2013/56/EU еуропалық директивасымен қамтылған, қалыпты тұрмыстық

қоқыспен бірге қоқысқа лақтыру мүмкін емес батареяларды қамтитынын білдіреді. Электр және электрондық өнімдер мен батареяларды жергілікті бөлек жинау жүйесі туралы ақпарат алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Бір рет пайдаланатын батареяларды шығару

Бір рет пайдаланатын батареяларды шығару үшін батареяны орнату бөлімін қараңыз.

5G WiFi құрылғысы үшін

5150–5350 МГц диапазонында жұмыс істеуге арналған құрылғы қосалқы арналы мобильді жерсеріктік жүйелерге зиянды кедергілер ықтималдығын азайту үшін тек іште пайдалануға арналған.

						
AT	BE	BG	CZ	DK	EE	FR
DE	IS	IE	IT	EL	ES	CY
LV	LI	LT	LU	HU	MT	NL
NO	PL	PT	RO	SI	SK	TR
FI	SE	CH	UK	HR		

Талаптарға сәйкестік

Бұл өнім Еуропалық қоғамдастықтың радио кедергілерге қойылатын талаптарына сай. Осымен, TP Vision Europe B.V. компаниясы бұл өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа қатысты шарттарына сай екенін жариялайды. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com бетінде табуға болады.

Анықтама және қолдау

Keң онлайн қолдауды алу үшін www.philips.com/support бетіне мыналар үшін кіріңіз:

- пайдаланушы нұсқаулығын және қысқаша бастау нұсқаулығын жүктеп алу
- бейне тьюторалдарды көру (тек кейбір үлгілер үшін қолжетімді)

- жиі қойылатын сұрақтарға (ЖҚС) жауаптарды табу
- бізге сұрақты электрондық хабармен жіберу
- қолдау қызметінің өкілімен сөйлесу.

Тілді таңдау үшін веб-сайттағы нұсқауларды орындаңыз, содан кейін өнім үлгісінің нөмірін енгізіңіз.

Я болмаса, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласа аласыз. Хабарласу алдында өнімнің үлгі нөмірін және сериялық нөмірін жазып алыңыз. Бұл ақпаратты өнімнің артқы немесе төменгі жағында таба аласыз.

Пайдаланушыларға арналған FCC және IC сақтық ескерту мәлімдемесі (тек АҚШ және Канада)

FCC АҚПАРАТЫ

ЕСКЕРТПЕ: Бұл жабдық сыналды және FCC ережелерінің 15-бөліміне сай оның В сыныпты цифрлық құрылғы лимиттеріне сай екені анықталды. Бұл лимиттер тұрғын үйде орнатқанда зиянды кедергілерден тиісті қорғауды қамтамасыз етуге арналған. Бұл жабдық радио жиілікті энергияны тудырады, пайдаланады және шығарады және нұсқауларға сай орнатылмаса және пайдаланылмаса, радио байланысқа зиянды кедергілерді тудыруы мүмкін.

Дегенмен, нақты орнатымда кедергілер орын алмайтынына кепілдік жоқ. Бұл жабдық радио немесе теледидар сигналдарын қабылдауға зиянды кедергілерді тудырса (мұны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болады), пайдаланушыға келесі шаралардың біреуі немесе бірнешеуі арқылы кедергілерді түзету ұсынылады:

- Қабылдаушы антеннаның бағытын немесе орнын өзгертіңіз.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз.
- Анықтама алу үшін дилерге немесе тәжірибелі радио/ТД технигіне хабарласыңыз.

IC-Canada: CAN IECES-3(B)/NMB-3(B)

Бұл құрылғы Канаданың Инновация, ғылым және экономикалық даму министрлігінің лицензиядан босатылған RSS стандарттарына сай лицензиядан босатылған таратқыш(тар)ын/қабылдағыш(тар)ын қамтиды. Пайдалануға келесі екі шарт қолданылады:

1. Бұл құрылғы кедергілер тудырмауы керек.
2. Бұл құрылғы кез келген кедергілерді, соның ішінде құрылғының қалаусыз жұмысын тудыруы мүмкін кедергілерді қабылдауы керек.

FCC және IC ескертуі:

- Бұл жабдықты радиатор және денеңіз арасында 20 см минималды қашықтықта орнату және пайдалану керек.
- Талаптарға сәйкестікке жауапты тараптың ашық бекітуінсіз осы құрылғыға енгізілген өзгертулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығын жояды.


2 Саундбарыңыз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз, Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың толық артықшылығын алу үшін саундбарды www.philips.com/support бетінде тіркеңіз.

Қорапта не бар

Орауышты тексеріңіз және мына заттарды идентификациялаңыз:


- Саундбар x 1
- Аймақтық қуат сымы x 2
- Қашықтан басқару құралы x 1
- Бұрандалар x 6
- Шайыр жабын x 2
- Қабырға кронштейні x 2
- Қысқаша бастау нұсқаулығы / Кепілдік картасы / Қауіпсіздік парағы / Қабырғаға бекіту үлгісі x 1



- Осы «Пайдаланушы нұсқаулығы» ішінде көрсетілген кескіндер, иллюстрациялар мен сызбалар тек анықтама беруге арналған, іс жүзіндегі өнімнің сыртқы түрі басқаша болуы мүмкін.

Негізгі блок

Бұл бөлім негізгі блокқа шолуды қамтиды.



- ① - (дыбыс деңгейі) түймесі
Дыбыс деңгейін азайту.
- ② + (дыбыс деңгейі) түймесі
Дыбыс деңгейін арттыру.
- ③ ► II (Ойнату/кідірту) түймесі
Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.
- ④ ⏮ (Көз)/Bluetooth жұптастыру түймесі
 - Саундбар үшін кіріс көзін таңдау.
 - Bluetooth режимінде жұптастыру функциясын белсендіру үшін басып тұрыңыз немесе бар жұптастырылған Bluetooth құрылғысын ажыратыңыз.
- ⑤ ⏻ (Күту режимін қосу) түймесі

Қуат күйі	Әрекет	Функция
Қосулы		• Көздің күйімен бірдей.
Жартылай күту режимі	⏻ түймесін бір рет басыңыз	• Wi-Fi әлі қосулы. • Ол Play-Fi және Airplay2 функцияларын әлі де қолдайды.
Еco Standby (үнемді күту режимі)	⏻ түймесін басып, 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз	• Wi-Fi өшірілі. • Өнім қуатты аз тұтыну режиміне өтеді. • Жүйені қайта іске қосу салыстырмалы түрде ұзағырақ уақытты алады.


- ⑥ Қашықтан басқару құралының датчигі
- ⑦ Дисплей тақтасы
- ⑧ Қуат ЖШД

9 Wi-Fi ЖШД индикаторы (сары)

ЖШД күйі	Күй
Жыпылықтайды	Wi-Fi кіру нүктесі (AP) режимі
Екі рет жыпылықтайды	Wi-Fi Protected Setup (WPS) режимі
Тұрақты қосылуы	Қосылған/жұптастыру сәтті болды

Жалғағыштар

Бұл бөлім саундбарда қолжетімді жалғағыштарға шолуды қамтиды.



1 USB

- USB сақтау құрылғысынан аудио кіріс.
- Осы өнімнің бағдарламалық құралын жаңарту.

2 AUX

Мысалы, MP3 ойнатқышының аудио кірісі (3,5 мм ұяшығы).

3 OPTICAL

Теледидардағы немесе цифрлық құрылғыдағы оптикалық аудио шығысқа қосылу.

4 HDMI OUT (ARC)

Теледидардағы HDMI кірісіне қосылу.

5 (Wi-Fi реттеу) түймесі

Play-Fi үшін Wi-Fi реттеуді іске қосады. WPS немесе қатынасу нүктесі режимін белсендіру және желіні қайта конфигурациялау үшін басып, ұстап тұрыңыз.

6 AT ұяшығы ~

Қуат көзіне қосыңыз.

7 Қабырға кронштейнінің слоты

Қашықтан басқару құралы

Бұл бөлім қашықтан басқару құралына шолуды қамтиды.

1 (Күту режимі-Қосу)

Қуат күйі	Әрекет	Функция
Қосылуы		• Көздің күйімен бірдей.
Жартылай күту режимі	⏻ түймесін бір рет басыңыз	• Wi-Fi әлі қосылуы. • Ол Play-Fi және Airplay2 функцияларын әлі де қолдайды.
Eco Standby (Үнемді күту режимі)	⏻ түймесін басып, 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз	• Wi-Fi өшірулі. • Өнім қуатты аз тұтыну режиміне өтеді. • Жүйені қайта іске қосу салыстырмалы түрде ұзағырақ уақытты алады.

2 (Көз)

- Саундбар үшін кіріс көзін таңдау.
- Bluetooth режимінде жұптастыру функциясын белсендіру үшін басып тұрыңыз немесе бар жұптастырылған Bluetooth құрылғысын ажыратыңыз.

3 (Кеңістіктік)

Виртуалды кеңістіктік дыбысты қосу/өшіру.

4 (Mute)

Дыбысты өшіру немесе дыбысты қалпына келтіру.

5 (Play/Pause)

USB/BT/PLAY-Fi режимінде ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.

6 (көрсеткі түймелер)

- ◀▶ (алдыңғы/келесі)
USB/BT/PLAY-Fi режимінде алдыңғы немесе келесі трекке өту.
- ▼/▲
Мәзір құрылымында төмен/жоғары шарлау.

7 (МӘЗІР)


Реттеу мәзіріне кіру.

8 (Артқа)

Алдыңғы мәзірге оралу. Мәзірден шығу.

- 9 **🔊 +/- (саундбардың дыбыс деңгейі)**
Саундбардың дыбыс деңгейін жоғарылату/азайту.


- 10 **🔊 +/- (сабвуфердің дыбыс деңгейі)**
Кірістірілген сабвуфердің дыбыс деңгейін арттыру/азайту.



жанында пайдаланылса немесе құрылғы жанында инфрақызыл сәулелерді пайдаланатын басқа қашықтан басқару құрылғылары пайдаланылса, ол дұрыс емес жұмыс істеуі мүмкін. Керісінше, басқа өнімдер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Бірінші рет пайдалану:


Бұл құрылғыда алдын ала орнатылған литий CR2025 батареясы бар. Қашықтан басқару құралының батареясын белсендіру үшін қорғағыш ілмекті алыңыз.



Қашықтан басқару құралының батареясын ауыстыру

Бұл қашықтан басқару құралы CR2025, 3 В литий батареясын қажет етеді

- 1 Құралдар (мысалы, тиын тәрізді батареялар/тиындар) арқылы батарея қорабының қақпағының ойығына түсіп, (құлпын ашу) күйіне қарай сағат тіліне қарсы бұраңыз.
- 2 Қақпақта орналасқан ескі батареяны алыңыз, жаңа CR2025 батареясын салыңыз және дұрыс полярлыққа (+/-) назар аударыңыз.
- 3 Қашықтан басқару құралына бекіту үшін құралдар арқылы батарея бөлімі қақпағының ойығына түсіп, сағат тілімен (құлып) күйіне қарай бұраңыз.



Қашықтан басқару құралын дайындау

- Қамтамасыз етілген қашықтан басқару құралы құрылғыны қашықтан басқаруға мүмкіндік береді.
- Тіпті қашықтан басқару құралы 19,7 фут (6 м) тиімді ауқым ішіне пайдаланылса да, құрылғы мен қашықтан басқару құралы арасында қандай да бөгеттер болса, қашықтан басқару әрекеті мүмкін емес болуы мүмкін.
- Қашықтан басқару құралы инфрақызыл сәулелерді тудыратын басқа өнімдердің


Батареяларға қатысты сақтық шаралары

- Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт бойы (бір айдан көбірек) пайдаланылмайтын болса, ағын болдырмау үшін қашықтан басқару құралынан батареяны шығарыңыз.

- Батареялар ақса, батарея бөліміндегі аққан сұйықтықты сүртіп алыңыз және батареяларды жаңаларына ауыстырыңыз.
- Көрсетілгеннен басқа батареяларды пайдаланбаңыз.
- Батареяларды қыздырмаңыз немесе бөлшектемеңіз.
- Оларды отқа немесе суға ешқашан лақтырмаңыз.
- Батареяларды басқа металл заттармен бірге алып жүрмеңіз немесе сақтамаңыз. Бұлай істеу батареялардың қысқа тұйықталуына, ағуына немесе жарылуына әкелуі мүмкін.
- Қайта зарядталатын түрге жататыны расталмаса, батареяны ешқашан зарядтамаңыз.

Орналастыру

Саундбарды төменде көрсетілгендей орналастырыңыз.




Қабырға кронштейні



Ескертпе

- Қабырғаға тиісті емес орнату сәтсіз жағдайға, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Кез келген сұрауыңыз болса, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
- Қабырғаға бекіту алдында қабырға саундбардың салмағын ұстай алатынын тексеріңіз.
- Қабырғаға бекіту алдында саундбардың төменгі жағындағы резеңке табандарды алып тастау керек, әйтпесе резеңке табандарды қайтадан бекіту мүмкін емес.
- Саундбарды қабырғаға бекіту түріне байланысты, ұзындығы және диаметрі қолайлы бұрандаларды пайдаланыңыз.
- Саундбардың артқы жағындағы USB портының USB құрылғысына қосылғандығын тексеріңіз. Егер қосылған USB құрылғысы қабырға кронштейніне әсер ететіні анықталса, тиісті өлшемді басқа USB құрылғысын пайдалану қажет.

Бұранда ұзындығы/диаметрі




Ұсынылатын қабырғаға бекіту биіктігі

Саундбарды қабырғаға бекіту алдында алдымен теледидарды орнату ұсынылады. Теледидар алдын ала орнатылған болса, саундбарды теледидардың төменгі жағынан 50 мм / 2,0 дюйм қашықтықта қабырғаға бекітіңіз.

- 1 Қабырғада 2 параллель тесік (әрқайсысы қабырға түріне сәйкес $\varnothing$ 3 - 8 мм) бұрғылаңыз. Тесіктер арасындағы қашықтық 797 мм / 31,38 дюйм болуы керек.
 - ↳ Дюбельдерді және бұрандаларды тесіктерде бекітіңіз.
- 2 Бұрандаларды (x4) негізгі блоктан алыңыз.
 - ↳ Қабырға кронштейндерін (x2) негізгі блоктан алынған бұрандалармен негізгі блокқа бекітіңіз.

3 Саундбарды бекіту бұрандаларына іліңіз.



3 Қосу

Бұл бөлім саундбарды теледидарға және басқа құрылғыларға қосуға, содан кейін оны реттеуге көмектеседі.

Саундбардың және қосалқы құралдардың негізгі қосылымдары туралы ақпарат алу үшін қысқаша бастау нұсқаулығын қараңыз.

Ескертпе


- Идентификациялық мәліметтерді және қуат көзі көрсеткіштерін өнімнің артқы немесе төменгі жағындағы зауыттық тақтайшаны қараңыз.
- Кез келген қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.

HDMI ұяшығына қосылу

Кейбір 4K HDR теледидарлары HDR мазмұнын қабылдау үшін HDMI кіріс немесе сурет параметрлерін орнатуды қажет етеді. HDR дисплейінде параметрлерді орнату туралы қосымша мәліметтерді теледидар нұсқаулығынан қараңыз.

ARC (аудионы қайтару арнасы)

Саундбарыңыз Аудио қайтару арнасы (ARC) бар HDMI қолдайды. Теледидарыңыз HDMI ARC үйлесімді болса, бір HDMI кабелін пайдалану арқылы саундбар арқылы теледидар аудиосын тыңдай аласыз.




- 1 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
 - Теледидардағы **HDMI ARC** жалғағышы басқаша белгіленуі мүмкін. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- 2 High Speed HDMI кабелі арқылы саундбардағы **HDMI OUT (ARC)-TO TV** жалғағышын теледидардағы **HDMI ARC** жалғағышына қосыңыз.

Ескертпе

- Теледидарыңыз HDMI-CEC және ARC функцияларын қолдауы керек. HDMI-CEC және ARC функцияларын On (Қосылу) күйіне орнату керек.
- HDMI-CEC және ARC функцияларын орнату әдісі теледидарға байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. ARC функциясы туралы мәліметтер алу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Тек HDMI 1.4 үйлесімді кабельдер ARC функциясын қолдайды.

Оптикалық ұяшыққа қосыңыз




Оптикалық кабель арқылы саундбардағы **OPTICAL** жалғағышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **OPTICAL OUT** жалғағышына қосыңыз.


- Сандық оптикалық жалғағыш **SPDIF** немесе **SPDIF OUT** деп белгіленуі мүмкін.

AUX ұяшығына қосыңыз

- Теледидардың бас гарнитурасы ұяшығын құрылғыдағы AUX ұяшығына қосу үшін 3,5 мм - 3,5 мм аудио кабельді (қамтылған) пайдаланыңыз.



- Теледидардың аудио шығыс ұяшықтарын құрылғыдағы AUX ұяшығына қосу үшін RCA - 3,5 мм аудио кабелін (қамтылмаған) пайдаланыңыз.



Wi-Fi желісіне қосылу (сымсыз пайдалану)

(iOS және Android нұсқалары үшін)

Осы құрылғыны және мобильді телефондарды, планшеттерді (мысалы, iPad, iPhone, iPod touch, Android телефондары, т.б.) бірдей Wi-Fi желісіне қосу арқылы сіз аудио файлдарды тыңдау үшін саундбарды басқару үшін DTS Play-Fi технологиясына негізделген Philips Sound қолданбасын пайдалана аласыз.

- 1 Телефонды немесе планшетті саундбарды қосқыңыз келетін Wi-Fi желісіне қосыңыз.
- 2 Телефонда немесе планшетте DTS Play-Fi технологиясына негізделген Philips Sound қолданбасын жүктеп алыңыз және орнатыңыз.



Philips Sound



- Маршрутизатор қосылу екеніне және дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- 3 Wi-Fi қосылымын іске қосу үшін артқы шкафта орналасқан (Wi-Fi) түймесін басып, 8 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
 - ↳ Динамик екінші үнді шығарғанша күтіңіз, содан кейін түймені жіберіңіз.
 - 4 Алдыңғы шкаптағы Wi-Fi индикаторы жылдам жыпылықтаудан баяу импульске өткенше күтіңіз. Динамиктің Wi-Fi параметрлерін орнату режиміне кіріп жатқанын көрсететін баяу импульстық жыпылықтау басталған кезде.
 - 5 DTS Play-Fi технологиясына негізделген Philips Sound қолданбасын іске қосыңыз. Бұл өнімді Wi-Fi желісіне қосу үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.

Қуатқа қосу

- Айнымалы тоқ қуат сымын қосу алдында барлық басқа қосылымдарды жасауды аяқтағаныңызға көз жеткізіңіз.
- **Өнімнің зақымдалуы қауіп бар!** Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы немесе астыңғы жағында басылған кернеуге сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.
- Желілік кабельді құрылғының AT~ ұяшығына, содан кейін розеткаға қосыңыз.
- * Қуат сымының мөлшері және аша түрі аймақтарға қарай өзгеріп отырады.

Ескертпе

Тек iOS нұсқасы үшін

Өнімнің Wi-Fi параметрлерін орнатуды орындау үшін iPhone пайдаланатын Wi-Fi желісін Play-Fi құрылғысының қатынасу нүктесіне уақытша ауыстыру және Philips Sound қолданбасын қайта іске қосу керек. Қадамдарды төменде қараңыз:

- «Параметрлер» тармағына өтіңіз.
- Wi-Fi параметрін таңдаңыз.



- Wi-Fi параметрлерінде Play-Fi құрылғысын таңдаңыз.
- Параметрлерді орнатуды жалғастыру үшін Philips Sound қолданбасына оралыңыз.



- 6 Wi-Fi қосылымы сәтті орнатылғаннан кейін алдыңғы шкаптағы Wi-Fi жарық индикаторы импульстік жанып, өшуін тоқтатады және тұрақты түрде жанады. Wi-Fi желіңізде реттегеннен кейін бұл өнімді сол желідегі кез келген смартфоннан немесе планшеттен басқаруға болады.

➔ Музыканы ойнату үшін қолданбаны пайдалану кезінде дисплей тақтасында PLAY-Fi жазуы көрсетіледі.

- 7 Қосылым орнатылғаннан кейін құрылғының атауын өзгертуге болады. Бірнеше атаудан таңдауға болады немесе атаулар тізімінің соңында Custom Name (Теңшелетін атау) пәрменін таңдау арқылы өзіңіздікің жасаңыз. Әйтпесе, ол әдепкі атауды қабылдайды.

- 8 Қосылым орнатылғаннан кейін бұл өнім бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды орындауы мүмкін. Алғашқы рет орнатқаннан кейін соңғы бағдарламалық жасақтамаға жаңартыңыз. Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту бірнеше минут алуы мүмкін. Жаңарту кезінде динамикті ажыратпаңыз, құрылғыны өшірмеңіз немесе желіден шықпаңыз.

AirPlay функциясын реттеу

iOS құрылғысының (iOS7 немесе одан кейінгі нұсқасы) және саундбардың Wi-Fi қосылымын реттеу үшін AirPlay функциясын пайдаланыңыз.

- 1 iOS құрылғысы: Settings (Параметрлер) > Wi-Fi > үй желісін таңдау **[Play-Fi device (Play-Fi құрылғысы) (xxxxxx)]**
- 2 DTS Play-Fi технологиясына негізделген Philips Sound қолданбасын іске қосыңыз. Бұл өнімді Wi-Fi желісіне қосу үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.
 - ➔ Wi-Fi қосылымы сәтті орнатылғаннан кейін алдыңғы шкаптағы Wi-Fi жарық индикаторы импульстік жанып, өшуін тоқтатады және тұрақты түрде жанады. Wi-Fi желіңізде реттегеннен кейін бұл өнімді сол желідегі кез келген смартфоннан немесе планшеттен басқаруға болады.
 - ➔ Музыканы ойнату үшін қолданбаны пайдалану кезінде дисплей тақтасында PLAY-Fi жазуы көрсетіледі.

- 3 Қосылым орнатылғаннан кейін құрылғының атауын өзгертуге болады. Бірнеше атаудан таңдауға болады немесе атаулар тізімінің соңында Custom Name (Теңшелетін атау) пәрменін таңдау арқылы өзіңіздікің жасаңыз. Әйтпесе, ол әдепкі атауды қабылдайды.

- 4 Қосылым орнатылғаннан кейін бұл өнім бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды орындауы мүмкін. Алғашқы рет орнатқаннан кейін соңғы бағдарламалық жасақтамаға жаңартыңыз. Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту бірнеше минут алуы мүмкін. Жаңарту кезінде динамикті ажыратпаңыз, құрылғыны өшірмеңіз немесе желіден шықпаңыз.



Ескертпе

- Қосылым орнатылғаннан кейін бұл өнім бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды орындауы мүмкін. Жаңарту бастапқы орнатудан кейін қажет. Жаңартусыз өнімнің кейбір мүмкіндіктері қолжетімді болмауы мүмкін.
- Бірінші рет орнату сәтсіз болған кезде, екінші үн естілгенше және Wi-Fi шамы баяу импульске өзгергенше саундбардағы Wi-Fi түймесін 8 секунд бойы басып тұрыңыз. Wi-Fi қосылымын ысырыңыз, қолданбаны қайта іске қосыңыз және орнатуды қайта бастаңыз.
- Егер сіз бір желіден екіншісіне ауысқыңыз келсе, қосылымды қайтадан орнатуыңыз керек. Wi-Fi қосылымын ысыру үшін саундбардағы «» (Wi-Fi) Wi-Fi түймесін басып, 8 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

WPS режимі

Егер маршрутизаторыңызда Wi-Fi Protected Setup (WPS) функциясы бар болса, қосылымды құпиясөзді енгізбестен орната аласыз.

- 1 Wi-Fi түймесін басып, 4 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Сіз үнді естисіз және Wi-Fi шамы екі реттен жыпылықтай бастайды.
- 2 Маршрутизаторда WPS түймесін басыңыз. Бұл түйме әдетте осы WPS логотипімен белгіленеді.
- 3 Жұптастыруды бастау үшін DTS Play-Fi технологиясына негізделген Philips Sound қолданбасындағы нұсқауларды орындаңыз.



Ескертпе

- WPS кейбір маршрутизаторларда стандартты мүмкіндік емес. Егер маршрутизаторда WPS болмаса, стандартты Wi-Fi желісің реттеуді пайдаланыңыз.
- WPS режимінен шықыңыз келсе «» (Wi-Fi) түймесін бір рет басыңыз немесе ол 2 минуттан кейін одан шығу автоматты түрде орындалады.

4 Саундбарды пайдалану

Бұл бөлім саундбарды қосылған құрылғылардан аудионы ойнату үшін пайдалануға көмектеседі.

Бастау алдында

- Қысқаша бастау нұсқаулығында және пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған қажетті қосылымдарды жасаңыз.
- Басқа құрылғылар үшін саундбарды дұрыс көзге ауыстырыңыз.

Қосу және өшіру

- Розеткаға бірінші рет қосқанда құрылғы КҮТУ режимінде болады. КҮТУ РЕЖИМІНІҢ индикаторы ақ түспен жанады.

Қуат күйі	Әрекет	Функция
Қосұлы		Көздің күйімен бірдей.
Жартылай күту режимі	 түймесін бір рет басыңыз	- Wi-Fi әлі қосұлы. - Ол Play-Fi және Airplay 2 функцияларын әлі де қолдайды.
Eco Standby (Үнемді күту режимі)	 түймесін басып, 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз	- Wi-Fi өшірілі. - Өнім қуатты аз тұтыну режиміне өтеді. - Жүйені қайта іске қосу салыстырмалы түрде ұзағырақ уақытты алады.

Автоматты күту режимі

Теледидар немесе сыртқы құрылғы ажыратылса, өшсе, бұл құрылғы шамамен 15 минуттан кейін күту режиміне автоматты түрде өтеді.

- Құрылғыны толығымен өшіру үшін ашаны розеткадан суырыңыз.
- Пайдаланбаған кезде қуатты үнемдеу үшін құрылғыны толығымен өшіріңіз.

Режимдерді таңдау

Құрылғыда немесе қашықтан басқару құралында  түймесін **HDMI ARC, OPTICAL, AUX, USB, BT** режимін таңдау үшін қайта-қайта басыңыз.

↳ Таңдалған режим дисплейде көрсетіледі.

↳ Play-Fi қосымша көз емес. Play-Fi функциясын тікелей қолданба арқылы басқару қажет.

Дыбыс деңгейін реттеу

Саундбардың дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін

 **+/- (дыбыс деңгейі)** түймелерін басыңыз.

- Дыбысты өшіру үшін **Mute** түймесін басыңыз.
- Дыбысты қалпына келтіру үшін **Mute** (Дыбысты өшіру) түймесін қайтадан басыңыз немесе **Vol+/Vol-** (дыбыс деңгейі) түймелерін басыңыз.

Сабвуфердің дыбыс деңгейін реттеу

Кірістірілген сабвуфердің дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін  **+/- (сабвуфер)** түймелерін басыңыз.

Виртуалды кеңістіктік режим

Виртуалды кеңістіктік режимдер арқылы иммерсивті аудио тәжірибесін алыңыз.

Виртуалды кеңістіктік режимін қосу немесе өшіру үшін қашықтан басқару құралында  түймесін басыңыз.

- SUR ON:** кеңістіктік дыбысты қосу.
- SUR OFF:** кеңістіктік дыбысты өшіру.

Зауыттық параметрлерге ысыру

Құрылғыны әдепкі параметрлерге ысыру.

- Бұл ON (ҚОСУЛЫ) күйіне орнатулы кезде, бүкіл жүйенің параметрлерін, соның ішінде Wi-Fi модулінің параметрлерін ысыру үшін дисплейде RESET (ЫСЫРУ) жазуы көрсетілгенше құрылғыда VOL - және VOL + түймелерін басып, ұстап тұрыңыз.

Реттеу мәзірі

Бұл құрылғы сізге бұдан жақсырақ тәжірибені қамтамасыз ету үшін кеңейтілген параметрлерді конфигурациялауға мүмкіндік береді.

1 Мәзірді ашу үшін қашықтан басқару құралында  (MENU) түймесін басыңыз.

2 Мазмұнды қашықтан басқару құралындағы ▼/▲ (төмен/жоғары) түймелері арқылы таңдаңыз.

Дисплей 	Сипаттама
EQ	Эквалайзер (EQ) әсерін таңдау
BASS	Төмен жиіліктер деңгейін реттеу
TREBLE	Жоғары жиіліктер деңгейін реттеу
AV SYNC	Аудио кешігуін орнату
DIM	Дисплей жарықтығын орнату
DISPLAY	Дисплейді автоматты түрде өшіру
BT PAIRING	Bluetooth арқылы жұптастыруды белсендіру

3 ◀▶ (сол/оң) көрсеткі түймелері арқылы параметрлердің әрқайсысының бастапқы мәндерін өзгертіңіз.

4 Таңдауды растау ▶|| (Enter) түймесін басыңыз.

- Алдыңғы экранға оралу/параметрлерден шығу үшін ◀ (Артқа) түймесін басыңыз.
- Егер 5 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, жүйе мәзірден автоматты түрде шығады.

EQ

Бейнеге немесе музыкаға сәйкес алдын ала анықталған дыбыс режимдерін таңдаңыз. MOVIE, MUSIC, VOICE, SPORT, CUSTOM.

- **MOVIE:** кеңістіктік тыңдау тәжірибесін жасайды. Фильмдер көру үшін өте ыңғайлы.

- **MUSIC:** екі арналы немесе көп арналы стерео дыбысты жасайды. Музыка тыңдауға өте ыңғайлы.
- **VOICE:** адам дауысын тыңдау үшін анығырақ және ерекшеленіп тұратын ететін дыбыс әсерін жасайды.
- **SPORT:** стадионда спорт ойынын қарап жатқандай атмосфераны жасайды.
- **CUSTOM:** жеке параметрлеріңіз негізінде дыбысты теңшейді. Fine Tune қолданбасы арқылы орнату керек.
 - ↳ Әдепкі бойынша, EQ (ЭКВАЛАЙЗЕР) параметрі MOVIE (ФИЛЬМ) мәніне орнатылады.

BASS/TREBLE

Төмен жиіліктер/жоғары жиіліктер деңгейін реттеу.

- ↳ BAS -5 ~ BAS +5
- ↳ TRE -5 ~ TRE +5
- ↳ Әдепкі бойынша Bass (Төмен жиіліктер)/Treble (Жоғары жиіліктер) мәні 0 деп орнатылады.

AV SYNC

Аудио кешігуін орнату.

- Бейне кескінді өңдеуге кейде дыбыстық сигналды өңдеуге кететін уақыттан көбірек уақыт кетеді. Бұл «кешіктірілген» деп аталады. «Audio Delay (Аудионы кешіктіру)» мүмкіндігі осы кешігуді түзетуге арналған.
- Тек ағымдағы ойнату режимі үшін қамтамасыз етілген аудио кешігуін орнатыңыз. (HDMI ARC аудио кешігуі режимінде көрсетілгендей, кешіктіру режимі тек HDMI ARC үшін жарамды).
 - ↳ AV00 ~ AV200
 - ↳ Әдепкі бойынша, аудионың кешігуі 00 мәніне орнатылады.

DIM

- ↳ DIM 03, DIM 02, DIM 01.
- ↳ Әдепкі бойынша диммер DIM 03 мәніне орнатылады.

DISPLAY

Пайдаланушы әрекеті болмаса, 3 секунд жұмыс істемей тұрғаннан кейін дисплейді (Wi-Fi ЖШД индикаторын қоспағанда) автоматты түрде өшіру үшін орнатыңыз.

- ↳ ON (ҚОСУЛЫ): дисплейді қосу үшін орнатыңыз
- ↳ OFF (ӨШІРУЛІ): дисплейді өшіру үшін орнатыңыз
- ↳ Әдепкі бойынша, дисплей ON (ҚОСУЛЫ) күйіне орнатылады.

BT PAIRING

BT режимінде Bluetooth арқылы жұптастыруды іске қосады.

Bluetooth функциясын пайдалану

Bluetooth арқылы саундбарды Bluetooth құрылғыңызға (мысалы, iPad, iPhone, iPod touch, Android телефоны немесе ноутбук) қосыңыз, содан кейін құрылғыда сақталған аудио файлды саундбардың динамиктері арқылы тыңдай аласыз.

Сізге не керек

- Мыналарды қолдайтын Bluetooth құрылғысы: A2DP, AVRCP Bluetooth профильдері және Bluetooth 4.2 + EDR нұсқасы.
- Саундбар және Bluetooth құрылғысы арасындағы максималды жұмыс ауқымы — шамамен 4 метр (13 фут).

- 1 Саундбарды Bluetooth режиміне ауыстыру үшін құрылғыда немесе қашықтан басқару құралында  түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - ↳ Дисплей тақтасында **NO BT** (Bluetooth құрылғысы жоқ) жазуы көрсетіледі.

- 2 Bluetooth арқылы жұптастыруды белсендіру үшін құрылғыдағы немесе қашықтан басқару құралындағы  түймесін басып, 5 сек бойы ұстап тұрыңыз.
 - ↳ Дисплей тақтасында BT PAIRING (Bluetooth арқылы жұптастыру) жазуы көрсетіледі.

- 3 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз, қосылуды бастау үшін «Play-Fi Device (Play-Fi құрылғысы) (xxxxxx)» құрылғысын іздеңіз және таңдаңыз (Bluetooth функциясын қосу жолын Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз).
 - ↳ Bluetooth қосылымы сәтті орнатылса, дисплей тақтасында CONNECTED (ҚОСЫЛДЫ) жазуы көрсетіледі.

- 4 Bluetooth құрылғыңызда аудио файлдарды немесе музыканы таңдаңыз.және ойнатыңыз.
 - Ойнату кезінде қоңырау келсе, музыканы ойнату кідіріледі. Ойнату қоңырау аяқталғанда жалғастырылады.
 - Bluetooth құрылғыңыз AVRCP профилін қолдаса, тректі өткізіп жіберу үшін қашықтан басқару құралында ◀/▶ түймелерін басуға немесе ойнатуды кідірту/жалғастыру үшін ►|| түймелерін басуға болады.

- 5 Bluetooth көзінен шығу үшін басқа көзді таңдаңыз.
 - Bluetooth режиміне қайта ауысқанда, саундбар соңғы қосылған құрылғыға қайта қосылуға әрекеттенеді.



Ескертпе

- Кейбір Bluetooth құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік берілмейді.
- Музыканы ағындатуды құрылғы мен саундбар арасындағы қабырға, құрылғыны жауып тұрған металл корпус немесе бірдей жиілікте жұмыс істейтін маңайдағы басқа құрылғылар сияқты бөгеттер үзіу мүмкін.
- Саундбарды басқа Bluetooth құрылғысына қосқыңыз келсе, қазіргі уақытта қосылған Bluetooth құрылғысын ажырату үшін қашықтан басқару құралында  түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

AUX/OPTICAL/HDMI режимдерін пайдалану

Құрылғы теледидарға немесе аудио құрылғыға қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.

- 1 Құрылғыда немесе қашықтан басқару құралында  түймесін **AUX**, **OPTICAL**, **HDMI ARC** режимін таңдау үшін қайта-қайта басыңыз.
- 2 Ойнату мүмкіндіктері үшін аудио құрылғыны тікелей басқарыңыз.
- 3 Дыбыс деңгейін қалаған деңгейге реттеу үшін **VOL +/-** түймелерін басыңыз.


☰ Кеңес

- OPTICAL/HDMI ARC режимінде, құрылғыдан дыбыс шығысы жоқ болса және күй индикаторы жыпылықтаса, көз құрылғыда (мысалы, теледидар, DVD немесе Blu-ray ойнатқышы) **PCM** немесе **Dolby Digital** сигнал шығысын белсендіру керек болуы мүмкін.
- Құрылғы кіріс көзінен алынған кейбір цифрлық аудио пішімдерін кодсыздандыра алмауы мүмкін. Бұл жағдайда құрылғы дыбыссыз болады. Бұл ақаулық EMEC. Кіріс көзінің (мысалы, теледидар, ойын консолі, DVD ойнатқышы, т.б.) аудио параметрі HDMI ARC/Optical бар PCM немесе Dolby Digital (аудио параметрлері туралы мәліметтерді кіріс көзі құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз) күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- DOLBY DIGITAL аудио пішіміне кіргенде, саундбар дисплейінде DOLBY AUDIO жазуы көрсетіледі.

USB режимін пайдалану

MP3 ойнатқышы және USB флеш жады сияқты USB сақтау құрылғысындағы аудионы тыңдаңыз.

- 1 USB құрылғысын қосыңыз.



- 2 Құрылғыда немесе қашықтан басқару құралында  түймесін **USB** режимін таңдау үшін қайта-қайта басыңыз.
- 3 Ойнату кезінде:

Түйме	Әрекет
▶	Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.
◀ / ▶	Алдыңғы немесе келесі трекке өту.

☰ Кеңестер

- Бұл құрылғы 32 Гб-қа дейін жады бар USB құрылғыларын қолдайды.
- Бұл құрылғы MP3 файлдарын ойната алады.
- Қолдау көрсетілетін USB порты: 5 В === 500 мА.

Spotify әндерін тыңдау

Телефонды, планшетті немесе компьютерді Spotify үшін қашықтан басқару құралы ретінде пайдаланыңыз.

Мұны істеудің жолын үйрену үшін spotify.com/connect бетіне өтіңіз.

Микробағдарламаны жаңарту

Ең жақсы мүмкіндіктер мен қолдауды алу үшін өнімді микробағдарламаның ең соңғы нұсқасына жаңартыңыз.

1-опция:

Микробағдарламаны Philips Sound қолданбасы арқылы жаңартыңыз (Settings (Параметрлер) > PS Fine Tune)

MCU және DSP үшін микробағдарламасын DTS Play-Fi технологиясына негізделген Philips Sound қолданбасы арқылы соңғы нұсқаға дейін жаңартуға болады. Параметрлер мәзіріне өтіп, оны тексеру үшін PS Fine Tune (PS дәл реттеу) опциясын таңдаңыз. Егер жаңарту шығарылса, автоматты түрде жалғастыру үшін жаңартылған белгішесін басуға болады. Wi-Fi желісіне қосылғаннан кейін бұл өнім микробағдарлама жаңартуын сымсыз желі арқылы ала алады. Осы өнімнің өнімділігін жақсарту үшін әрқашан микробағдарламаның соңғы нұсқасына жаңартыңыз.

2-опция:

Микробағдарламаны USB арқылы жаңарту

- 1 www.philips.com/support сайтында микробағдарламаның соңғы нұсқасы бар-жоғын тексеріңіз. Үлгіңізді іздеп, «Бағдарламалық жасақтама және драйверлер» сілтемесін басыңыз.
- 2 Микробағдарламаны USB флэш дискісіне жүктеп алыңыз.
- 3 Микробағдарламаны жаңарту туралы нұсқауларды орындаңыз.

5 Өнімнің техникалық сипаттамалары



Ескертпе

- Техникалық сипаттамалары және дизайны алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Bluetooth / сымсыз желі

- Bluetooth профильдері: A2DP, AVRCP
- Bluetooth нұсқасы: 4.2 + EDR
- Жиіліктер диапазоны/шығыс қуат:
2402 - 2480 МГц / ≤ 5 дБм

Қолдау көрсетілетін желі

- WiFi IEEE 802.11a/b/g/n/ac сымсыз желісі
Жиіліктер диапазоны (Wi-Fi)/радио
Таратылатын қуаттың жиілігі
2,4 G Wi-Fi: 2412 МГц ~ 2484 МГц / ≤ 17 дБм
5 G Wi-Fi: 5150 МГц ~ 5825 МГц / ≤ 16 дБм

Негізгі блок

- Қуат көзі: 100 - 240 В~, 50 / 60 Гц
- Шығыс қуат: 120 Вт
- Қуатты тұтыну: АТ 100 - 240 В~ 50 / 60 Гц, 84 Вт
- Күту режиміндегі қуатты тұтыну: < 0,5 Вт
- USB: 5 В === 500 мА
- Жиілікке қатысты сипаттама: 80 Гц - 20 кГц
- Аудио кірісінің сезімталдығы (AUX): 500 мВ
- Динамиктердің кедергісі: 8 Ом x 6
- Өлшемдері (Е x Б x Д): 857x 67x 115 мм
- Салмағы: 3,43 кг
- Жұмыс температурасы: 0 °C - 45 °C
- Кірістірілген динамиктер: 2 x (60 x 130 мм)
8 Ом + 4 x 2 дюйм, 8 Ом

Қашықтан басқару құралы

- Қашықтық/бұрыш: 6 м / 30°
- Батарея түрі: CR2025

Қолдау көрсетілетін аудио пішімдері

- **HDMI ARC**
Dolby Digital, Dolby Digital plus, LPCM 2ch
- **OPTICAL**
Dolby Digital, Dolby Digital plus, LPCM 2ch
- **BLUETOOTH**
SBC
- **USB**
MP3, WAV, FLAC

6 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Ток соғу қаупі бар. Өнімнің корпусын ешқашан алмаңыз.

Кепілдікті жарамды ұстау үшін өнімді өз бетіңізше жөндеуге ешқашан әрекеттенбеңіз.

Осы өнімді пайдалануда мәселелер болса, қызмет көрсетуді сұрау алдында келесі нәрселерді тексеріңіз. Әлі мәселе бар болса, www.philips.com/support бетінде қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Негізгі блок

- Қуат көзінен бірнеше минутқа ажыратыңыз, содан кейін қайта қосыңыз.

Қуат жоқ

- АТ сымы тиісті түрде қосылғанына көз жеткізіңіз.
- АТ розеткасында қуат бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Саундбарды қосу үшін қашықтан басқару құралында немесе саундбарда күту режимі түймесін басыңыз.

Дыбыс

Саундбар динамигінен дыбыс жоқ.

- Саундбардың аудио кабелін теледидарға немесе басқа құрылғыларға қосыңыз. Дегенмен, келесі жағдайларда бөлек аудио қосылымы қажет емес:
 - саундбар мен теледидар HDMI ARC қосылымы арқылы қосылған немесе
 - құрылғы саундбардағы HDMI IN жалғағышына қосылған.
- Қашықтан басқару құралында дұрыс аудио кірісін таңдаңыз.
- Саундбардың дыбысы өшірілмегенін тексеріңіз.
- Бұл өнімді зауыттық параметрлерге ысырыңыз («Зауыттық параметрлерді қолдану» бөлімін қараңыз).

- Дыбыс деңгейін арттыру. Қашықтан басқару құралында немесе саундбарда дыбыс деңгейін арттыру түймесін басыңыз.
- Цифрлық кірістің біреуін пайдалану кезінде, аудио жоқ болса:
 - Теледидар шығысын PCM деп орнатып көріңіз немесе
 - Тікелей Blu-ray/басқа көзге қосылыңыз, кейбір теледидарлар цифрлық аудионы өткізбейді.
- Теледидар өзгермелі аудио шығысқа орнатылған болуы мүмкін. Аудио шығыс параметрі VARIABLE (ӨЗГЕРМЕЛІ) емес, FIXED (БЕКІТІЛГЕН) немесе STANDARD (СТАНДАРТТЫ) мәніне орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егжей-тегжейлі ақпаратты теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- Bluetooth функциясын пайдаланып жатсаңыз, көз құрылғыдағы дыбыс деңгейі қосулы екеніне және құрылғы дыбысы өшірілмегеніне көз жеткізіңіз.
- Ойнату қатып қалған кезде және Wi-Fi режимінде дыбыс шықпаған кезде, үй желісінің қалыпты күйде екенін тексеріңіз.

Бұрмаланған дыбыс немесе жаңғырық.

- Осы өнім арқылы теледидардан аудионы ойнатсаңыз, теледидар дыбысы өшірілгенін тексеріңіз.

Аудио және бейне синхрондалмайды.

- Аудионы бейнемен синхрондау үшін мәзірде AV SYNC (АУДИОНЫ/БЕЙНЕНІ СИНХРОНДАУ) тармағын басыңыз.

Bluetooth

Құрылғы саундбарға қосыла алмайды.

- Құрылғы саундбар үшін керек үйлесімді профильдерді қолдамайды.
- Сіз құрылғының Bluetooth функциясын қоспағансыз. Бұл функцияны қосу жолын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- Құрылғы дұрыс қосылмаған. Құрылғыны дұрыс қосыңыз.
- Саундбар басқа Bluetooth құрылғысына қосылып қойылған. Қосылған құрылғыны ажыратыңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз.

Қосылған Bluetooth құрылғысынан ойнатылатын аудионың сапасы нашар.

- Bluetooth сигналын қабылдау нашар. Құрылғыны саундбарға жақынырақ жылжытыңыз немесе құрылғы мен саундбар арасындағы кез келген бөгетті алып тастаңыз.

Bluetooth құрылғымда осы құрылғының Bluetooth атауын таба алмадым.

- Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth функциясы белсендірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны Bluetooth құрылғыңызбен қайта жұптастырыңыз.

Wi-Fi

Wi-Fi байланысын орнату мүмкін емес.

- Маршрутизаторда WLAN желісінің қолжетімділігін тексеріңіз.
- Wi-Fi маршрутизаторын құрылғыға жақындатыңыз.
- Құпиясөздің дұрыс екеніне көз жеткізіңіз.
- WLAN функциясын тексеріңіз немесе модем мен Wi-Fi маршрутизаторын қайта жүктеңіз.

Play-Fi

Қолданбадан Play-Fi қолдайтын құрылғыларды табу мүмкін емес.

- Құрылғы Wi-Fi желісіне қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.

Play-Fi музыкасын ойнату мүмкін емес.

- Қызмет провайдері қызметін тоқтатқан жағдайда, белгілі бір желілік қызметке немесе құрылғы арқылы қолжетімді мазмұнға қатынасу мүмкін болмауы мүмкін.
- Бірінші рет реттеу сәтсіз болса, DTS Play-Fi технологиясына негізделген Philips Sound қолданбасын жабыңыз. Қолданбаны қайта іске қосыңыз.
- Динамик Stereo Pairs (Стерео жұптар) немесе Surround Sound (Кеңістіктік дыбыс) ретінде орнатылған кезде, бөлек пайдалану алдында динамикті қолданба ішінде ажырату қажет.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Кез келген ойнатуды басқару түймесін басу алдында алдымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасындағы қашықтықты азайтыңыз.
- Батареяны полярлықтарын (+/-) көрсетілгендей туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын тікелей құрылғы алдындағы датчикке бағыттаңыз.

Бұл — 15 минуттан кейін қуатты өшіру функциясы, ERPII стандартының қуатты үнемдеу талаптарының бірі

- Құрылғының сыртқы кіріс сигналының деңгейі тым төмен болса, құрылғы 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Сыртқы құрылғының дыбыс деңгейін арттырыңыз.

Сауда белгілері



DTS патенттерін <http://patents.dts.com> сайтынан қараңыз. DTS, Inc компаниясының лицензиясымен өндірілген. (бас кеңсесі АҚШ/Жапония/Тайваньда орналасқан компаниялар үшін) немесе DTS Licensing Limited лицензиясы бойынша (барлық басқа компаниялар үшін). DTS, Play-Fi және DTS Play-Fi логотипі DTS, Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері болып табылады. ©2020 DTS, Inc. БАРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛҒАН.



Wi-Fi CERTIFIED™ логотипі Wi-Fi Alliance® ұйымының тіркелген сауда белгісі болып табылады.



Google, Google Play және built-in — Google LLC компаниясының сауда белгісі. Google Assistant белгілі бір тілдерде және елдерде қолжетімді емес.



Осы AirPlay 2 қолдайтын динамикті басқару үшін iOS 11.4 немесе одан кейінгі нұсқа қажет. Works with Apple бейджигінің пайдаланылуы аксессуардың бейджикте көрсетілген технологиялармен жұмыс жасау үшін арнайы жасалғандығын және АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. сауда белгілерімен сертификатталғанын білдіреді.

Apple® және AirPlay® — Apple Inc. компаниясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері.



Spotify бағдарламалық жасақтамасына мына жерден табуға болатын үшінші тарап лицензиялары қолданылады: www.spotify.com/connect/third-party-licenses.



HDMI, HDMI High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі HDMI Licensing Administrator, Inc компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.



Dolby, Dolby Audio және қос D таңбасы Dolby Laboratories Corporation компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады. Dolby Laboratories лицензиясы бойынша өндірілген. Құпия жарияланбаған шығармалар. Авторлық құқық © 2012-2020 Dolby Laboratories. Барлық құқықтар қорғалған.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері — Bluetooth SIG, Inc иелігіндегі тіркелген сауда белгілері және MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы мұндай белгілерді лицензия бойынша пайдаланады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары тиісті иелерінікі.



Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгеруі мүмкін. Соңғы жаңартулар мен құжаттарды алу үшін www.philips.com/support бетіне кіріңіз.

Philips және Philips қалқан эмблемасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.

Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның серіктес компанияларының бірі өндірген және солардың жауапкершілігі бойынша сатылады әрі MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.

